

11.03.2021ж.
инв. № 33/198

БЕКІТІЛДІ
«ҮМЗ» АҚ барлық дауыс беретін
акцияларына ие Жалғыз
акционердің
2021 жылғы 18 ақпандағы
№ 1/21 шешімі

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесі мүшелеріне - Тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығындарын өтеу ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы қағидалар

1.1 Осы Ережелер «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесі мүшелеріне - Тәуелсіз директорларына төлемдер тәртібін, сыйақы мөлшерін және олардың шығындарын өтеу тәртібін белгілейді.

1.2 Осы Ережелер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінің, Қоғамның Жарғысы мен корпоративтік басқару кодексінің нормаларын іске асыру мақсатында әзірленді.

1.3 Ережелерде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Қоғам – «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы;

Жарғы – «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының жарғысы;

Корпоративтік басқару кодексі – «Үлбі металлургиялық зауыты – акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі;

Директорлар кеңесі – «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі;

Директорлар кеңесінің комитеттері - Тағайындаулар және сыйақылар бойынша Комитет, Стратегиялық жоспарлау және инвестициялар бойынша Комитет, Аудит бойынша Комитет, Өндірістік қауіпсіздік бойынша Комитет;

Қағидалар – «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының тәуелсіз директорларына - Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төлеу және шығындарды өтеу қағидалары.

2. Сыйақы төлеудің және шығындарды өтеудің жалпы шарттары

2.1 Сыйақылар мен шығындарды өтеу Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз міндеттерін орындағаны үшін төленеді.

2.2 Тәуелсіз директорға сыйақы төлеу және (немесе) шығындарды өтеу

тәртібі мен мөлшері Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен белгіленеді.

Ешбір тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспауы тиіс.

2.3 Тәуелсіз директорға сыйақы төлеу келесі шарттар орындалған кезде жүзеге асырылады:

1) Қоғамның мүдделерін барынша көрсететін тәсілдерді пайдалана отырып, Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттіктерін адал орындау;

2) Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ететін Қоғамның даму стратегиясында айқындалған ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттерді орындау;

3) сырқаттануды, демалысты, іссапарды қоспағанда, Директорлар кеңесінің көзбе-көз және сырттай отырыстарына, оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына қатысу.

2.4 Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақысы жеке тұлғаның табысы болып табылады және Қазақстан Республикасы Салық кодексінің талаптарына сәйкес салық салуға жатады.

2.5 Қоғам сыйақы төлеуді ақшалай нысанда, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен, жарты жылда 1 (бір) рет Тәуелсіз директордың күнтізбелік жылдың тиісті жарты жылдығындағы жұмыс кезеңіне сәйкес жүргізеді.

2.6 Тәуелсіз директорға төленетін сыйақы мен өтемақы банк карточкасына немесе есеп айырысу шотына аударылады немесе Тәуелсіз директордың қалауы бойынша Қоғам кассасынан қолма-қол ақшалай беріледі. Карточкаларға қызмет көрсету бойынша Банкке сыйақыны Тәуелсіз директор төлейді.

2.7 Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі жартыжылдық аяқталғанға дейін тоқтатылған (оның ішінде мерзімінен бұрын тоқтатылған) жағдайда Тәуелсіз директорға өкілеттік мерзімі аяқталған, Қоғамның Жалғыз акционері (акционерлердің жалпы жиналысы) тиісті шешім қабылдаған немесе Тәуелсіз директор өз өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш берген кезден бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамында іс жүзінде болған кезеңі үшін сыйақы төленеді және шығындар өтеледі.

2.8 Тәуелсіз директорға сыйақы төлеу мен шығындарды өтеу төлемдерінің негіздері мен мөлшері Тәуелсіз директормен жасалатын шартқа енгізіледі

2.9 Тәуелсіз директорға сыйақы есептеуге негіз болатындар:

1) шарт;

2) Тәуелсіз директордың Директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс берулеріне, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің күндізгі отырыстарына қатысуын (№1 қосымша) есепке алу табелі Қоғамның корпоративтік хатшысымен жартыжылдықтың қорытындылары бойынша жасалады, Қоғам Басқармасының Төрағасымен бекітеледі және есепті кезеңнен кейінгі айдың 3 (үшінші) күніне дейін сыйақы есептеу үшін Қоғамның Бас бухгалтериясына беріледі.

3. Сыйақы төлеу тәртібі

3.1 Тәуелсіз директорға сыйақының келесі түрлері төленеді:

- 1) белгіленген жылдық сыйақы;
- 2) Директорлар Кеңесі жанындағы комитеттердің көзбе-көз отырыстарына қатысқан үшін қосымша сыйақы.

Директорлар кеңесі мүшесіне сыйақы ұйым қызметінің нәтижелеріне байланысты опциондарды немесе басқа элементтерді қамтымауға тиіс.

3.2 Тәуелсіз директор есепті кезеңде Директорлар Кеңесінің барлық өткізілген көзбе-көз және сырттай отырыстарының жартысынан кем емес қатысқан жағдайда, сырқаттануына, демалыста, іссапарда болуына байланысты күндізгі отырыстарға қатыспағанын қоспағанда, жылдық белгіленген сыйақы төленбейді.

3.3 Директорлар Кеңесі жанындағы комитеттердің көзбе-көз отырыстарына қатысқан үшін жылдық тіркелген сыйақыны және қосымша сыйақыны Қоғам сыйақы төлеудің есепті кезеңінен кейінгі ай ішінде төлейді. Сыйақы төлеудің есепті кезеңі тиісті күнтізбелік жылдың жарты жылдығы болып табылады.

3.4 Тәуелсіз директорға жылдық тіркелген және қосымша сыйақылардың мөлшері орындалатын міндеттердің күрделілігі мен жауапкершілігіне, өндірістің (бизнестің) ерекшеліктері мен ауқымына және онымен байланысты тәуекелдерге, еңбектің салалық ерекшелігіне, Қоғамның республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлі мен орнына қарай, сондай-ақ олардың біліктілік деңгейіне қойылатын талаптарды және тиісті сала бойынша тәуелсіз директорларға сыйақы деңгейін айқындаудың халықаралық практикасын талдауды ескере отырып айқындалады.

3.5 Жылдық тіркелген сыйақының белгіленген мөлшері келесі жағдайда азаюы мүмкін:

- 1) өткен кезеңге Қоғамның қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің нашарлауы (немесе Қоғам тиімділігінің негізгі көрсеткіштері);
- 2) Тәуелсіз директор қызметін бағалау нәтижелері бойынша қойылған мақсаттарға және тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу.

4. Шығындарды өтеу тәртібі

4.1 Тәуелсіз директорға Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және Қоғамның Директорлар кеңесінің Төрағасы бастамашылық жасаған, Тәуелсіз директордың тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін кеңестерге шығуға байланысты келесі шығындар өтеледі:

- 1) жол жүру;
- 2) тұру үшін;
- 3) күндік;
- 4) ұялы байланысты қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы;
- 5) сканерлеу, ксерокөшірме, факс, құжаттарды басып шығару, басып шығару, Қазақстан Республикасында интернет желісіне қол жеткізу қызметтері;

б) курьерлік қызметтері және пошта қызметі.

4.2 Жол жүру, сканерлеу, ксерокөшірме, факс, басып шығару, құжаттарды басу, Қазақстан Республикасындағы интернет желісіне рұқсат қызметтері, Қазақстан Республикасындағы телефон байланысы (ұтқыр байланысты қоспағанда) бойынша, курьерлік және пошта қызметінің қызметтері бойынша шығындарды өтеу Қоғам растаушы құжаттарды ұсынған кезде нақты шығындар бойынша жүргізеді.

4.3 Тұру бойынша шығындарды өтеу нақты шығындар бойынша, бірақ люкс сыныптамасы бойынша бір орынды нөмірдің құнынан аспайтын, оның ішінде броньдау бойынша шығындарды растайтын құжаттарды ұсынған кезде жүргізіледі.

4.4 Отырысқа/кеңеске қатысуға болған кезеңіне әрбір күн үшін тәуліктік ақы мөлшері Қоғамның ішкі құжатымен белгіленген, Қоғамның Басқарма Төрағасы үшін іссапар шығындарын өтеу нормалары шегінде анықталады.

4.5 Растайтын құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4.6 Растайтын құжаттар аталған шығындар туындаған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей мерзімінде ұсынылады.

5. Қорытынды қағидалар

5.1 Осы Ережеге Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

5.2 Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) шешімімен бекітіледі.

5.3 Ережелер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде өтетін Директорлар кеңесінің және директорлар Кеңесі жанындағы комитеттердің отырыстарына қолданылмайды.

5.4 Қоғам қандай да бір сыйақы төлеуді жүргізбейді және Тәуелсіз директорларға осы Ережеде және (немесе) Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) шешімдерінде көзделмеген шығындарды өтемейді.

5.5 Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғамның Жалғыз акционерінің (акционерлердің жалпы жиналысының) шешімдерімен және Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

5.6 Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеуге және шығындарды өтеуге байланысты қақтығыстар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес реттеледі.

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі мүшелеріне -
Тәуелсіз директорларына сыйақы төлеу және шығындарды өтеу ережелеріне
№ 1 қосымша

БЕКІТЕМІН
«ҮМЗ» АҚ Басқарма Төрағасы
Т.А.Ә. _____
«__» _____ 20__ жыл

20__ жылғы __ жартыжылдығына
«ҮМЗ» АҚ Тәуелсіз директорларының Директорлар кеңесінің көзбе-көз және сырттай
отырыстарына және «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесі Комитеттерінің көзбе-көз
отырыстарына қатысуын есепке алу
ТАБЕЛІ

| «ҮМЗ» АҚ Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарын өткізу тәртібі, оларға қатысқан Тәуелсіз директорлардың тегі мен аты-жөні | Жартыжылдық | | | | | | | | Директорлар кеңесінің/Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстары өткізілді | | |
|--|--|--|--|--|--|--|--|--|--|---|---------------------------|
| | Директорлар кеңесі/Директорлар кеңесі комитеттер отырысының күні мен айы | | | | | | | | барлығы | оның ішінде Тәуелсіз директордың қатысуымен | қатысудың үлес салмағы, % |
| | | | | | | | | | | | |
| КӨЗБЕ-КӨЗ | | | | | | | | | | | |
| Т.А.Ә. | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | |
| СЫРТТАЙ | | | | | | | | | | | |
| Т.А.Ә. | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | |
| ОТЫРЫСТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ (көзбе-көз және сырттай) | | | | | | | | | | | |
| Т.А.Ә. | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | |
| Директорлар кеңесі Комитеттерінің көзбе-көз отырыстары | | | | | | | | | | | |
| Т.А.Ә. | | | | | | | | | | | |
| ... | | | | | | | | | | | |

«ҮМЗ» АҚ корпоративтік хатшысы _____ Т.А.Ә. «__» _____ 20__ жыл